

## 8 дәріс. PR-бөлімнің қызметін жоспарлау. Стратегиялық жоспарлау.

Стратегиялық жоспарлау кез келген саладағы кәсіби маманның сапалы қызметінің негізі. Қажетті мәліметтерді сапалы жинау, стратегия құрып, нәтижесін жоспарлау бүгінде өте жоғары бағаланады.

1. Стратегиялық жоспарлау дегеніміз не?
2. Стратегиялық жоспарлаудағы зерттеудің маңызы.
3. Стратегиялық жоспарламас бұрын зерттеудің қандай кезеңдері мен талдау жүзеге асырылады?
4. Стратегиялық жоспарлаумен стр. Менеджменттің айырмашылығы?
5. Стратегиялық жоспарлауға қандай шектеулер бар?
6. Компанияның миссиясын анықтаудың қажеттілігі?

PR-маманы кем дегенде зерттеудің базалық әдістерін білуі керек. Себебі бұл оның күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі. PR-стратегияға уақыт өткен сайын жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне сай түзетулер енгізіп отырады. Антикризистік жоспарлау да дәл осындай. Оқиғаға, адамдардың пікіріне үнемі мониторинг жасау керек. PR -дағы стратегиялық жоспарлау дегеніміз – бағдарламадағы мақсат, міндеттерге сәйкес шешім қабылдау. Стратегиялық жоспарлауға шешуші топтарда анықтау, компанияның саясатын жасау, стратегияның өзін анықтап, таңдау жатады. Зерттеудің түрлері:

Зерттеудің әдістері неғұрлым дәл болса, стратегия мен талдау да соғұрлым дәл болады. Стратегиялық жоспарлауға кіріспес бұрын бірнеше әс-әрекеттерді жүзеге асыру керек:

1. PR-проблеманы анықтау
2. PR-проблеманы сипаттау:
  - не себеп?
  - проблема қайдан шықты?
  - проблемаға кімдер қатысты?
  - проблеманың қоғамдық топтар мен компанияға әсері қандай болмақ?
  - бұл проблема неге пайда болды және ол қоғамды неліктен толғандырады?
3. Ресми және бейресми зерттеулер жүргізу керек.
4. Бірнеше талдамалы әдістер арқылы жағдайды талдау керек:
  - 1 қадам – PR-проблеманы анықтау
  - 2 қадам – PR-проблеманы қою
  - 3 қадам – зерттеу жүргізу
  - 4 қадам – жағдайды талдау

Бұл 4 кезеңді жүзеге асырғаннан кейін стратегиялық менеджмент пен жоспарлауға кірісеміз.

Стратегиялық жоспарлау – талдау процесі және жоспарды басқару, ал стр.менеджмент – ұйымдастыру процесі және нәтижені басқару. Жоспарлау – не істеу керек?

Стратегиялық менеджмент – қалай және кім істейді? деген сұрақтарға жауап береді. Жоспарлау – стратегиялық басқарудың ұзақ әрі күрделі формасы. Ол нәтижеге бағытталады. Тиімді нәтижеге жету үшін көп шығын жұмсалатынын білеміз. Жоспарлау болмаса басқару шешімдері қателікке ұрынады.

### **Стратегиялық жоспарлаудағы шектеулер**

#### **Стратегиялық жоспарлаудағы талдау**

1. **Бостон кеңес беру тобының моделі. Бұл өте кең таралған әдіс.**
2. SWOT-анализ
3. PR-белсенділік матрицасы
4. GE/McKinsey

PR-қызметтегі стратегиялық жоспарлауға талдау аса маңызды. Талдаудың сапасы таңдалған стратегияның дұрыс-бұрыстығын көрсетеді.

SWOT-анализ матрицасы тұрақты, нәтижелі стратегиялық жоспарлаудың құралы болады. Күштер Әлсіздік Мүмкіндіктер Қауіп-қатер деген сөздерінің алғашқы әріптерінің аббревиатурасы. Бұл матрица арқылы компания жетекшілері стратегиялық бағыттарды белгілеп, шешім қабылдай алады. SWOT-анализ нәтижесінде компанияның ресурстары мен технологиясын, менеджментін, корпоративтік мәдениетін бағалауға болады. PR-қызметтің күшті және әлсіз тұстарын, ішкі және сыртқы ортадан төнетін қауіп-қатерді болжауға болады.